



СУ СПОРТЫНДА - АЛҒАШҚЫ АЛТЫН

Биыл 2-18 ақпан аралығында Катар астанасы Дохада Халықаралық жүзу федерациясының қолдауымен су спорты түрлерінен 21-ші Әлем чемпионаты өтуде. Аталған чемпионатта Алматы қаласындағы ҚР Ұлттық ұланы 5571 Әскери бөлімінің әскери қызметшісі, қатардағы жауынгер Эдуард Ким Наргиз Болатовамен жұптасып, синхронды жүзуден алтын медаль жеңіп алды.

Ерболат СҰЛТАНОВ,
ҚР Ұлттық ұланының
Баспасөз қызметі

Біздің ұлттық құраманың жоғарыда аталған жұбы финалда 228 ұпай жинады. Төрешілер бағдарламаның күрделілігі бойынша спортшылардың өнерін жоғары бағалап, олар «Техникалық микс-дуэт» бағдарламасында үздік атанды.

Айта кетейік, бұл – Қазақстанның су спортынан алған алғашқы алтыны. Күміс медаль Қытай Халық Республикасының құрамасынан Чен Вэнтао мен Ши Хаюйге,

қола медаль мексикалық Миранда Хименес пен Диего Карриллоға бұйырды.


Қазір Қазақстан жалпы есепте алтынмен бесінші орынға көтерілді және жалпы командалық есепте көш бастап тұр.

Естеріңізге сала кетейік, Эдуард Ким 2023 жылы Жапонияның Фукуока қаласында өткен Әлем чемпионатында техникалық бағдарламада бірінші медальды жеңіп алған болатын.



Отбасындағы зорлық-зомбылық – өзекті мәселе

» 3-бет



«Жаяу жүргіншілер жолдан өту ережелерін жиі бұзады»

» 4-бет



Байланысты жолға қойған басқарма

» 5-бет



Төрт аяқты тәртіп сақшылары

» 8-бет



ЖЕТИ КҮН



✓ Алматыда Ішкі істер министрінің орынбасары Айдар Сайтбеков қаланың патрульдік полиция полкі мен арнайы батальонының жеке құрамымен мотивациялық кездесу өткізді.

Онда қызметкерлер өздерін толғандыратын сұрақтарға жауап алды. Одан бөлек тәртіп сақшыларына басшылық құрамды аттестаттау үшін әзірленген тәсілдер түсіндірілді, сондай-ақ ведомство басшысы Ержан Саменов жүктеген міндеттер туралы айтты.

✓ ІІМ-де мемлекеттік орган басшыларының, өңір әкімдерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы жастар саясаты жөніндегі кеңес өкілдерінің қатысуымен нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы іс-қимыл жөніндегі ведомствоаралық штабтың отырысы өтті.

Кеңесте проблемалық мәселелердің бірі болып табылатын синтетикалық есірткі бойынша сот сараптамасын жүргізу мерзімдерін қысқарту талқыланды. Отырыстың қорытынды есебінде әрбір мемлекеттік және жергілікті атқарушы органға нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі кешенді жоспардың орындалуы бойынша принципалдық баға берілетін болады.

✓ 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін ішкі істер органдары қызметкерлерінің жекелеген санаттары кезектен тыс аттестаттаудан өтеді. Президент Жарлығының жобасы ашық нормативтік-құқықтық актілер порталында жарияланды. Жарлық жобасы 7 ақпанға дейін жария талқылауға шығарылып отыр.

Аттестаттауды өткізу үшін дене шынықтыру, атыс даярлығы бойынша нормативтерді тапсыру, Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге компьютерлік тестілеу және логикалық ойлау қабілеті, IQ және басқарушылық құзыреті деңгейін анықтау, сондай-ақ, әңгімелесуді өткізу кестелерін Ішкі істер министрі немесе оның орынбасарлары бекітеді.

✓ Бірқатар санаттағы азаматтар паспортты тегін рәсімдей алады. Шетелге шығарда әрбір баланың жеке паспорты болуы қажет. Ал бұл құжат ХҚКО-да 12 жасқа толмаған балалар үшін әр бес жыл сайын рәсімделеді.

Кейде балалар ескен сайын түрі де өзгереді. Мұндайда шекарада келеңсіз жағдайға тап болмас үшін төлқұжаттың мерзімі аяқталмаса да, ауыстыру қажет. Ата-анасының бірі шетел азаматы болса, оның нотариалды куәландырылған келісімі керек.

Одан бөлек, паспортты «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлері, мүгедектер, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ белгілі бір жеңілдігі бар санаттағы азаматтар тегін алады.

✓ Қазақстанның ІІМ қызметкерлері түрік әріптестерімен бірге жыл басынан бері алаяқтық, аса ірі мөлшерде ұрлық жасағаны, қаржы пирамидасын құрғаны үшін іздеуде жүрген сегіз қылмыскерді Түркияда ұстады.

Сонымен қатар қаңтар айында ішкі істер органдарының аумақтық бөліністерімен іздеуде жүрген 237 қылмыскер ұсталып, хабар-ошарсыз кеткен 150 адам табылды.

Мәселен, 27 қаңтарда Көкшетауда полиция қызметкерлері 1998 жылдан бері бірқатар ауыр және аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін мемлекетаралық іздеуде жүрген 55 жастағы ер адамды құрықтады.

✓ Шығыс Қазақстан облысы аумағында 1-20 ақпан аралығында «Тоқта, алаяқ!» атты жедел-профилактикалық шарасы басталды.

Киберпол полициялары облыстық сүт өнімдерінің ең ірі өндірушісі – «Восток Сүт» корпорациясынан дүкен сөрелеріне қойылатын түрлі өнімдердің әрбір қаптамасына QR код орналастырды. Сатып алушы оны сканерлеу арқылы алаяқтықтың түрлері мен әдістері, сондай-ақ олардан қалай қорғану керектігі туралы барлық ақпаратты біле алады.

Тәртіп сақшылары ескертудің бұл түрі мүмкіндігінше көп адамды алаяқтардың жаңа айла-амалдарынан қорғауға мүмкіндік беретініне сенімді.

БІЛГІР ӘРІ БІЛІКТІ БАСШЫ

ІІМ-нің музейінде ішкі істер саласының дамуы мен қалыптасуына ерен еңбегімен ерекше із қалдырған, қазақ сақшыларының кәсіби шебері, ІІМ-нің еңбек сіңірген қызметкері және Ұлы Отан соғысының ардагері, ішкі қызмет генерал-майоры Ғазиз Слямханұлына арналған экспозицияның ашылу салтанаты болып өтті.

Сүйкім АЯПБЕРГЕНҚЫЗЫ



Шараға Ішкі істер министрінің орынбасары, полиция генерал-майоры Айдар Сайтбеков, ІІО және Ұлттық ұлан ардагерлері ұйымының төрағасы, милиция генерал-майоры Өмірзақ Болсамбеков, сондай-ақ, ішкі істер органдарының ардагерлері, генерал-майор Ғазиз Сұлтановтың жақындары мен туыстары және Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің жас қызметкерлері қатысты.

Ішкі қызмет генерал-майоры Ғазиз Слямханұлы 1924 жылы 5 қаңтарда Семей облысының Жарма ауданына қарасты Қапانبұлақ ауылында дүниеге келген. Мектеп бітірген соң әскери училищеде оқып жүріп, 1942 жылы соғысқа аттанды. Бірінші Украина майданында 121-атқыштар дивизиясының құрамында барлау взводның командирі болды. 1954 жылы Ғазиз Сұлтанов И.И.Ползунов атындағы Алтай ауылшаруашылық машина институтын (қазіргі Алтай мемлекеттік техникалық университеті) инженер-механик мамандығы бойынша тәмамдады.

Қызметін инженерліктен бастаған Ғазиз Слямханұлы бас инженер, кейін Алматы электротехникалық зауытының директоры болды. 1972 жылы Ішкі істер министрлігіне қызметке жіберілді. 1977 жылы Қазақ КСР Ішкі істер министрінің орынбасары болып тағайындалып, 1980 жылы мамырда КСРО Ішкі істер министрінің генерал-майоры атағы берілді.

Ішкі істер саласында Ғазиз Слямханұлы өзін талантты басшы және білікті ұйымдастырушы ретінде көрсете білді. Өзі қызмет еткен уақыт аралығында Ғазиз Сұлтановтың басшылығымен ІІМ-нің қызметтік ғимаратын, қызметкерлеріне арналған тұрғын үй-жайларды және ІІМ қызметкерлері мен ішкі әскерлердің әскери қызметшілеріне арналған емханалар мен госпитальдардың салынуына түрткі болды. Есімі аңызға айналған генералдың биыл туғанына 100 жыл толды.

Шара басында сөз алған Ішкі істер министрінің орынбасары, полиция генерал-майоры Айдар Сайтбеков:

– Есімі ішкі істер министрлігінің тарихында алтын әріппен жазылған Ұлы Отан соғысының ардагері Ғазиз Сұлтановтың өміріне арналған экспозициясының ашылуына қош келдіңіздер! Ағамыздың өмірбаяны мен кәсіби жетістіктері туралы деректі фильмді тамашаладық. Генерал ағамыз қызмет жолының барлық кезеңінде



өзін жоғары білікті маман және саясаткер ретінде көрсете білген ерен тұлға. ІІО-да еңбек сіңірген тұлғаның өмірі әрбір қызметкердің жүрегінде мақтанш сезімін оятып қана қоймай, аға ұрпақтың даңқты дәстүрін құрметтеуге лайық деп есептейміз. Нағыз генералдың есімі біздің жүрегімізде және естелік ретінде мұражай экспонаттары мен кітап беттерінде мәңгілік сақталады. Сондай-ақ Ғазиз Слямханұлының 100 жылдық мерейтойына арналған іс-шара-

соғысқа аттанды. Ел мен жерді қорғауға барын салды. Бізге соғыстың зардаптары туралы айтқысы келмейтін. Ол керемет инженер болды. Кейін Ішкі істер министрінің орынбасары қызметіне көтерілді. Өз заманының аңыз адамы болған әкеміз туралы экспозицияның ашылуына еңбек еткен мұражай қызметкерлеріне де отбасымыздың атынан өз алғысымызды білдіргіміз келеді, – деп ағынан жарылды.

Генерал-майор Ғазиз Сұлтановтың білікті басшы және ұйымдастырушы болғанын Ішкі істер органдарының құрметті ардагері, Халық қаһарманы Қайырбек Шошанұлы да айтты.

– Ішкі істер саласында Ғазиз Слямханұлы секілді өз ісінің майталмандарын насихаттау өте маңызды. Ол өз заманында өте білгір, әрі қамқор басшы бола білді. Ішкі істер саласының дамуы мен қалыптасуы үшін барын салды. Генералдың отбасына тек амандық тілеймін, – деді ардагер өз сөзінде.

Есімі аңызға айналған мәртебелі генералдың атындағы экспозицияны салтанатты түрде ашу рәсімі ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Дәулет Тұрлықханов пен Ішкі істер министрінің орынбасары Айдар Сайтбековке табысталды. Одан әрі ІІМ музейінің меңгерушісі Алмагүл Сәтмағанбетова шара қонақтарына генерал-майор Ғазиз Сұлтановтың экспозициядағы фотоқұжаттарымен және тарихи жәдігерлерімен таныстырды.

Шара соңында қонақтар мен ардагерлер естелік үшін суретке түсті.

ЖАС МАМАНДАР АНТ ҚАБЫЛДАДЫ

Гүлнәр МАҒЗУМОВА,
Алматы қаласы

– Құрметті жас мамандар, ішкі істер органында қызмет ету – өте жауапты міндет. Сол міндетті абыроймен атқару үшін сендер бүгін ант қабылдап, қатаң да жауапты жұмыста адалдық танытуға міндеттеме алдыңдар. Болашақта қабылдаған анттарыңа адал болу, қандай қиын кезең болса да қабылдаған анттарыңның әрбір сөзін абыроймен орындауға міндеттісіңдер. Сендер осындай жауапкершілік үддесінен шығады деген сенімдемін, – деді жас мамандардан ант қабылдаған академия Ардагерлер кеңесінің төрағасы, полиция генерал-майоры Т. Қабденов.

Академияның жеке құрамын жыл сайын жас мамандар толықтырып отырады. Оларды ішкі істер органдарының қиын да жауапты жұмысына баулуға тәлімгерлер де белсене атсалысады. Академия ардагерлері мен тәлімгерлері жас қызметкерлердің кәсіби жағынан дамуына қамқорлық танытып, өз міндеттерін абыроймен орындаудың қыр-сырына қанығуына көмектеседі.

Ант қабылдау салтанатына академия басшысының орынбасары, полиция полковнигі Е.Бимолданов та қатысып, сөз сөйледі.



ОТБАСЫНДАҒЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБИЛЫҚ – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ішкі істер министрлігінің кеңейтілген алқа отырысында тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жазаны қатаңдатуды қолдайтынын айтып, Қылмыстық кодекске өзгерістер енгізілетінін жеткізген болатын.

Осыдан соң ҚР Ішкі істер министрі Ержан Саденов барлық полицейлерге Президент тапсырмасына сәйкес тұрмыстық қатынастағы

өтті. Сондай-ақ көрермендерге тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуда атқарылған жұмыстар және құқық бұзушылықтарды бол-

**Гүлнәр ӘБДІЖАППАРОВА,
Түркістан облысы**

құрылымдардың өкілдерін қауіпсіз мемлекет пен үлгілі отбасын қалыптастыру үшін бірлесіп жұмыс істеуге шақырды.

– Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету үшін небәрі екі ғана Дағдарыс орталығы жұмыс істейді. Өткен жылы Дағдарыс орталықтарына 210 адам көмек сұрап, жүгінген. Сондықтан облыс халқының санын ескере отырып, әр қалада және аудан орталығында қосымша Дағдарыс орталықтарын ашу қажет деп санаймын, – деп ұсыныс айтты облыстың бас полицейі Мұрат Қабденов.

Жалпы, қылмыстардың басым бөлігі мас күйінде жасалады. Сондықтан қылмыстардың алдын алу және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «Ішкі істер ауыл» жобасы іске асырылуда.

– Қазіргі уақытта облыста он ауыл ішкі істер сатудан бас тартты. Нәтижесінде бұл ауылдарда ешқандай құқық бұзушылық мүлде орын алмады. Полиция бұл бастаманы одан әрі қолдап, осындай ауылдардың санын көбейтетін боламыз, – деді М.Қабденов.

Республикалық форум соңында өз отбасымен үлгі болып жүрген танымал әнші Сәкен Майғазиев пен «Алатау серілері» тобы ән айтып, іс-шараға қатысушыларды отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күресте ынтымақтастыққа шақырды.



зорлық-зомбылықтың алдын алу мен оны болдырмау бағытындағы жұмыстарды күшейтуді тапсырды.

Алғашқы болып Түркістан облысы ПД бастығы Мұрат Қабденов пен облыс прокуроры Мұрат Тілеубердиевтің бастамасымен Президент тапсырмасын орындау мақсатында ауқымды республикалық форум өткізілді.

«Бақытты отбасы – болашақтың кепілі» атты форумға облыс әкімі Дархан Сатыбалды, ҚР ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің төрағасы Қайсар Сұлтанбаев, ҚР Мәжілісінің депутаты Дәулет Мұқаев, Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Закиева, қоғам қайраткері Оразкүл Асанғазы, әнші Сәкен Майғазиев және басқа да құрметті қонақтар қатысты.

Өздеріңіз білетіндей, тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі қазіргі қоғамның көптеген аспектілеріне әсер ететін өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Форум барысында іс-шараға қатысушылар мен қонақтар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша пікір алмасып, өздерінің өмірлік тәжірибелерімен және отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған шешімдерімен бөлісті.

Форумның басында әртүрлі өмірлік жағдайлар мысалында күрделі отбасылық қатынастарды баяндайтын театрландырылған қойылым

дырмауға байланысты қабылданып жатқан шаралар туралы бейнероликтер көрсетілді.

Іс-шарада облыс әкімі Дархан Сатыбалды, облыс прокуроры Мұрат Тілеубердиев және басқа да құрметті қонақтар сөз сөйлеп, қоғамның тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесіне жауапкершілігін арттыруға, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сондай-ақ, бұл форумды өткізудің маңыздылығын атап өтті.

Өз кезегінде ҚР ІІМ ӘПК төрағасы Қайсар Сұлтанбаев түрлі



БРИФИНГ

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ – БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ

Қоғамда бала өмірі аса маңызды. Бұл мәселені Мемлекет басшысы үнемі назарында ұстайды. Жыл басында Ішкі істер министрлігінің кеңейтілген алқа отырысында балалардың құқықтарын қорғау тапсырылған болатын. Аталған тапсырма аясында ІІМ бірнеше заңнамалық шара қабылдады. Бұл туралы апта басындағы жиында ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің басқарма бастығы Әсет Оспанов баяндады.

Сүйкім ТІЛЕПБЕРГЕН

Бүгінде әрбір оқу орнында ювеналды полиция қызметкерлері, учаскелік инспекторлар бекітілген. Олар үнемі профилактикалық түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, оқушылар мен студенттер арасындағы заңға қайшы әрекеттерді анықтап, жолын кеседі.

Оқу жылының басынан бері құқық бұзушылық әрекеттерге бейім жасөспірімдер арасында 1400-ден астам бейресми жетекші анықталды. Олардың барлығы ішкі істер органдарының бақылауына алынды. Одан бөлек, көмекке толмағандар тарапынан болсауаудың 40 дерегінің жолы кесілді.

Балалардың құқығы мен қауіпсіздігіне байланысты шараларға қатысты ІІМ Әкімшілік полиция ко-

митетінің басқарма бастығы Әсет Оспанов:

– Ішкі істер министрлігі облыстық Полиция департаменттерінің қызметіне күн сайын мониторинг жүргізеді. Апта сайын балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жүргізілген жұмыстар туралы Полиция департаменттерінің басшылығы есеп береді. Балалардың қауіпсіздігі мен құқығы Ішкі істер министрінің жеке бақылауында. Бүгінгі күні балалар арасындағы криминалға жағдай тұрақты, – деп түсіндірді ол.

Соңғы жылдары елде отбасылық жанжал мәселесі өте түйткілді. ІІМ балалардың зорлық-зомбылығына тосқауыл қою мақсатында полиция қызметінің қадамдық алгоритмін әзірледі. Осыған сәйкес үй-үйді ара-

лау кезінде өгей әке немесе өгей шешем тұратын балалардың отбасыларына ерекше назар аударылмақ.

Одан бөлек, ІІМ өткен жылдың желтоқсан айында мемлекеттік органдармен бірлесіп зорлық-зомбылық, буллинг немесе кибербуллинг әрекеттеріне ұшыраған көмекке толмағандарды ерте анықтау және оларға көмек көрсету бойынша арнайы әдістемені бекітті.

Балаларға қатысты зорлық-зомбылық фактілерін анықтау және әрекет ету үшін облыс әкімдіктері жанынан ведомстваралық мобильді топтар құрылды. Мобильді топ құрамында облыстық бала құқықтары жөніндегі уәкілдер, білім беру саласының қызметкерлері және учаскелік полиция инспекторлары бар.

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

БАЛҚАШТА БІРЫҢҒАЙ БАЙЛАНЫС ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Балқашта көшедегі тәртіп мұқият бақыланатын болды. Қалада қаңтар айынан бастап 24/7 режимінде жұмыс істейтін бірыңғай байланыс орталығы жұмыс істей бастады. Оның басты мақсаты – тәртіпті қамтамасыз ету, сондай-ақ, қала әкімдігіне тұрғындардан келетін барлық хабарламаларды өңдеу.

**Бақытжан ҚҰДИЯРОВ,
Қарағанды облысы**



және басқа да заңсыз әрекеттер бақыланады.

– Мысалы, біз рұқсат етілмеген қоқыс үйінділері бойынша 24 ереже бұзушыны анықтадық, ал түрлі құқық бұзушылық бойынша жалпы бес млн. теңгеге айыппұл салынды, – деді орталықтың жұмысына жауапты қала әкімінің кеңесшісі Анар Адамбекова.

Барлық хабарламалар өңделеді, содан кейін құзыретті органдар мен қызметтерге жіберіледі.

Нақты уақыт режимінде егер қандай да бір құқық бұзушылықтар

Бұл жаңалық – полиция мен әкімдіктің бірлескен жұмысы. Байланыс орталығы қалалық полиция басқармасының ғимаратына орналастырылды.

Балқашқа жұмыс сапары кезінде Қарағанды облысының әкімі



Ермағанбет Бөлекпаев пен өңірдің Полиция департаменті бастығының орынбасары Құрманғали Исмағұлов оның жұмысымен танысты.

Орталыққа қаланың барлық камералары қосылған, онда он маман жұмыс істейді. Олар әкімдіктің ресми аккаунттарына тұрғындардың өтініштері бойынша тәулік бойы әлеуметтік желілерге мониторинг жүргізеді. Бұл әлеуметтік және тұрғын үй шаруашылығы мәселелері болуы мүмкін. Мысалы, рұқсат етілмеген қоқыс полигондары, ашық құдықтар, қаңғыбас иттер және тағы басқалары.

Сондай-ақ бейнебақылау камераларының тәулік бойы мониторингі жүргізілуде. Нақты уақыт режимінде жол қозғалысы ережелерін бұзу

байқалса, онда полицияның кезекші тобы бірден шығады, егер коммуналдық мәселелер туындаса, оны әкімдік пысықтайды.

Ермағанбет Бөлекпаев жағалауды, «Тораңғалық», «Шұбартүбек» демалыс аймақтарын, қалаға кіреберіс пен шығар жолды да бейнебақылауға алуды ұсынды. Туристік маусымда қалада туристер мен қонақтардың ағыны көбейген кезде заңдылық мәселелері бірінші орында тұруы керек. Сондай-ақ облыс әкімі демалыс аймақтарының иелерімен мәселені пысықтауды тапсырды, олар да өз камераларын бірыңғай орталыққа шығара алады.

– Жақсы бастама. Бұл тәжірибені моноқалаларымызда кеңейтетін боламыз, – деді облыс әкімі.

Жалпы, соңғы 10 жылда көмекке толмағандарға қатысты жасалған құқық бұзушылықтар саны үш есеге азайғаны белгілі болды. Практикалық шаралармен қатар, балалардың құқықтарын қорғау бойынша заңнамалық шаралар қабылданды. Мәселен, қаңтар айының соңында ҚР Парламенті Мәжілісінің қарауына әйелдер мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы екі заң жобасы енгізілді. Түзетулер көмекке толмағандарға қарсы қылмыстар үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікті күшейтуді көздейді.

Дегенмен, балалардың құқықтарын қорғау мәселесінде тек полиция мен мемлекеттік органдардың ғана емес, сонымен қатар, ата-аналар қауымының да күш салуы маңызды. Балаларды қорғау – бүкіл қоғамның міндеті.

БАЙЛАНЫСТЫ ЖОЛҒА ҚОЙҒАН БАСҚАРМА

«Тәртіп сақшысы» дегенде көбіміздің көз алдымызға учаскелік полиция инспекторы, тергеуші немесе Патрульдік полиция қызметкерлері елестейді. Халықпен жиі қарым-қатынас орнататын болғандықтан, олардың жұмысын жұрт жақсы біледі. Алайда ішкі істер органдарындағы полиция қызметкерлерінің өзара байланысын бір жүйеге келтіріп, жұмыс барысындағы техникалық ахуалдарды реттеп отыратын байланыс қызметкерлерінің еңбегінен көпшілік хабардар емес. Осы ретте Астана қаласы Полиция департаменті Ақпараттандыру және байланыс басқармасының бас маманы, полиция подполковнигі Динара Қайратқызымен бірге жүріп, басқарма жұмысымен танысып қайттық.

**Гауһарай ЕСИМОВА,
Суреттерді түсірген
Медет ӘШІРБЕКОВ**

Басқарма жұмысының басты ерекшелігі – құпиялылығында. Басқармаға қарайтын бірнеше бөлімнің

Полиция департаменті бөлімшелері заманауи цифрлық радиостанцияларымен жарақтандырылған.

бірыңғай техникалық саясаты шеңберінде аппараттық-бағдарламалық

басқармасы Астана қаласы Полиция департаменті қызметіне түрлі жобаларды енгізеді. Атап айтсақ, «Бейнебақылау жүйесін жаңғырту», «Кілеммен тұтас бейнебақылау», «Мектептердегі қауіпсіздік» (мемлекеттік мектептер мен балабақшаларда бейнебақылау камералары мен дабыл түймелерін Жедел басқару орталығына орнату және қосу), SOS түймесі, «Цифрлық полицей» жобалары бойынша жұмыстар жүргізеді.

Ал басқармаға қарасты байланыс бөлімінің негізгі міндеттерінің бірі – қоғамдық және саяси іс-шараларды өткізу кезінде үздіксіз байланысты қамтамасыз ету. Сондай-ақ

жердің айналасын түгел бейнебақылаумен қамтамасыз етеді. Ішкі істер министрлігінің бейнеконференция сессиясына қосылуға мүмкіндігі бар. Кешеннің орналасқан жерінен тікелей трансляция жүргізуге болады.

Кәсіби қызметті цифрлық тұрғыдан жүзеге асыратын экипаж құрамы басқарманың екі қызметкерінен құралған. Олар – басқарманың аға инженерлері Алматы Бағланұлы мен Сұлтан Жалғасұлы. Екеуі де – полиция капитаны. Қажет болған жағдайда экипаж қызмет өткерудің күшейтілген нұсқалары, өзге де жедел-профилактикалық іс-шаралар кезінде іске кіріседі. Төтенше, дағда-



Мағжан Жанболатов

жұмысы жасырын жүргізіледі. Ақпараттандыру және байланыс саласы дербес басқарма ретінде 1998 жылдан бастап жұмыс істейді.

Көшеде кетіп бара жатып немесе бір оқыс оқиға орын алғанда тәртіп сақшыларының радиобайланыс құралы арқылы бір-біріне «Бірінші, бірінші байланысқа...» деген сөздерін естіген боларсыз. Олар өздеріне шартты сөздер арқылы хабар беріп, байланысқа түседі. Міне, осындай радиобайланыс құралдарының күнделікті жұмысқа кедергісін келтірмей, бірқалыпты жұмыс істеуіне Астана қаласы Полиция департаменті Ақпараттандыру және байланыс басқармасы байланыс бөлімінің инженері, полиция аға лейтенанты Мағжан Жанболатов жауапты. Ол департамент қызметкерлерінің радиобайланысының үздіксіз және тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Базалық деңгейде раациялар мен жиіліктерді бағдарлау секілді негізгі функцияларды басқарады. Радиостанцияларда белгілі бір ақау туындаса, оны жөндейді.

Бүгінгі таңда Ақпараттандыру және байланыс басқармасы гарнизон бөлімшелерін күрделі, көпфункционалды құрылымдармен жабдықтаған. Полиция департаменті бөлімшелерінің басқару жүйесін заманауи байланыс құралдарынсыз, ақпараттық технологияларсыз елестету мүмкін емес.

Ішкі істер органдары қызметкерлері қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар мен түрлі іс-әрекеттер бойынша фактілерді тіркейді. Ол үшін тасымалдауға болатын және автомобильдік бейнетіркегіштермен, электрондық әкімшілік хаттамалар жасауға арналған мобильді планшеттермен, қылмыстық істерді электрондық нұсқада жүргізуге арналған мамандандырылған жабдықтармен қамтамасыз етілген. Міне, осы жұмыс барысындағы цифрлық қол-



Сұлтан Жалғасұлы

данис құралдарының барлығы осы басқарма арқылы таратылып, жеке құрам техникалық тұрғыдан жабдыкталады.

Ішкі істер министрлігінің



Алматы Бағланұлы

құралдардың әртүрлі кешендері, заманауи серверлік және желілік жабдықтары, түрлі бағдарламалық қамтамасыз ету жұмыстарын істейді. Ақпараттандыру және байланыс

жедел-тактикалық оқу-жаттығулар барысында экипаждың мобильді командалық-штабтық кешенін жергілікті жерге орналастырады.

Департаментте техникалық байланыс құралдарының жиынтығы болып саналатын Mercedes-Benz Sprinter маркалы автомобиль базасында командалық-штабтық кешен пайдаланылады. Бұл көлікті кейде «Шағын жедел басқару орталығы кешені» деп те атайды. Кешеннің функционалды мүмкіндіктері зор. Біріншіден, Астана қаласы Полиция департаментінің, ҚР Ішкі істер министрлігінің бөлімшелерін қысқа толқынды және ультра қысқа толқынды байланыспен қамтамасыз етеді. Екіншіден, министрліктің ведомстволық желісінде спутниктік байланысты реттейді. Үшіншіден, Жедел басқару орталығындағы бейнеконференция байланысын жүзеге асырады.

Автомобильдің төбесінде екі бейнекамера бар. Ол өзі орналасқан

рыстық жағдай туындаған уақытта тәуліктік кезекшілікке түседі.

Кешен автономды түрде жұмыс істей алады. Тіпті электр қуаты жоқ шалғай аудандарға барып, қоғамдық маңызы бар іс-шаралар кезінде қауіпсіздікпен қамтамасыз етуге қауқарлы. Генератормен жабдыкталған.

Компьютерлендіру бөлімінің қызметкерлері жергілікті желінің үздіксіз жұмысын, сондай-ақ, ақпараттық жүйелердің тұрақты қызмет етуін қамтамасыз етеді. Бұл жұмыстың жүйелі жүргізілуіне Астана қаласы ПД Ақпараттандыру және байланыс басқармасы Компьютерлендіру бөлімінің инженері, полиция майоры Виктория Гришкова сынды тәжірибелі мамандар бас-көз болады.

Міне, осындай толымды тірлікті арқау еткен басқарма қызметкерлері қылмысқа қарсы күреске лайықты үлес қосып келеді.

ТҰРҒЫЛЫҚТЫ МЕКЕНЖАЙЫ ЖОҚТАР ТІРКЕУГЕ АЛЫНДЫ

Петропавлдық полицейлер тұрғылықты мекенжайы жоқ адамдарды анықтау бойынша ауқымды рейдтік іс-шара өткізді. Теміржол вокзалы, «Пирамида» сауда үйінің маңы, «Алматинская», «Дария» базарлары мен «Океан» сауда үйінің маңындағы жылу құбырлары, Жұмысшы кенті және қаңғыбастар жүруі мүмкін тағы да басқа орындар басты назарда болды.

**Игорь МЕРЦАЛОВ,
СҚО ПД баспасөз қызметі**

Полиция қызметкерлері бір күнде қабылдап-тарату орнына тұрғылықты мекенжайы жоқ 123 адамды жеткізді. Олардың 20-сы бұрын сотталғандар, 15-і полицияның түрлі есептерінде тұрғандар, оның ішінде тоғызы ұры, ал екеуі – телефон ұрлаушы санатындағылар.

Барлығының саусақ іздері алынып, фотобейне тіркеуге қойылды, іздеудегі тұлғалардың тізімі бойынша тексерілді.

– Осындай рейдтік іс-шаралардың мақсаты – үй-күйсіз жүргендердің аязды күндері үсіп қалмауын, көз жұмуын болдырмау, криминогендік жағдайдың ушығуына жол бермеу, қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, – дейді Петропавл қалалық ПБ бастығы, полиция полковнигі Марат Жұмалиев.

Тұрғылықты мекенжайы жоқ адамдардың жиналатын орында-

ры туралы «102» арнасына, не болмаса «102» мобильдік қосымшасын пайдаланып, хабарлауға болады (ҚР ІІМ-нің ресми қосымшасы болып саналады, оны App Store және Google Play жүйелерінен жүктеп алуға мүмкіндік бар). Қалалық Полиция басқармасы құрамындағы қабылдап-тарату орнының кезекші бөлімінің телефоны: 8 (7152) 52-92-99.



КӨПБАЛАЛЫ КИНОЛОГ

«Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп те бере алмайды» деген сөздің астарында үлкен мән жатыр. Әке – отбасының тірегі, алтын дінгегі. Бала үшін әкеден асқан ұстаз болмас. «Әке» десе, жігерленбейтін жан жоқ. Әке – өміріміздің өзегі. Асқар таудай тұлғасы, балаға берер өнегесі де алабөтен. Әкесі бар адам оқ өтпес қалқаны бардай өзін қауіпсіз сезінеді. Қорғаның болар адамыңды үлгі ету айып па?!



Полиция аға лейтенанты, көпбалалы әке Қасымқұл Қалиев ішкі істер органдарындағы қызметін бұдан 22 жыл бұрын бастаған. Бүгінде ол Ақтөбе облысы Полиция департаментінің Кинологиялық қызмет орталығында инспектор-кинолог болып қызмет етеді. Өзі ауылда туып-өскендіктен, жеті қазынаның бірі саналатын итпен тіл табысу полицейге мүлде қиын болмаған. Қызметтік иттерді күтіп-баптау мен бейімдеу ісінде бүгінде ол тәжірибелі, әрі теңдессіз маман.

– Мектеп бітірген соң заң колледжінде оқып жүрген кезімде ішкі істер органдарына жұмысқа орналасуға шешім қабылдадым. Ол кезде полицей болу үшін әскерге бару міндетті болатын. Әскерден келген соң мақсатыма жетіп, ішкі істер органдарына қызметке орналастым. Қызметтік иттермен жү-

мыс істегеніме 20 жылдай уақыт болды. Менің тәжірибемде олардың көмегімен көптеген ауыр қылмыстар ашылып, талай қылмыскерлер құрықталды, – дейді Қасымқұл Қалиев.

Бірнеше жыл бұрын Ақтөбе қаласында жас кәсіпкерді көлігінде атып өлтіру дерегі де Қасымқұлдың баптаған қызметтік итінің көмегімен ашылған. Оқиға орнынан алынған заттай айғақтардың иісімен күдіктіні жазбай таныған қызметтік иттің әрекетінен кейін кінәлі жігіт өз қылмысын бірден мойындап, барлық түсініктемелері мен қылмыс құралдарын ұсынған.

2005 жылы полицей жігіт Алматының аруы Жазирамен шаңырақ көтерген. Бүгінде олар – сегіз баланың ата-анасы. Балалардың үлкендері мектепте оқыса, кішілері балабақшаға барады.

Бекзат ЖАЛҒАСБАЕВА,
Ақтөбе облысы

– Өзім де, жолдасым да көпбалалы отбасында тәрбиеленгенбіз. Үлкен шаңырақта қашан да береке болады деп есептейміз. Сондықтан екеуміз де сәбилердің шуақты күл-

жымияды аға лейтенант.

Демалысты табиғат аясында, таза ауада өткізу – отбасының сүйікті ісі. Балаларын жастайынан еңбекке баулу, бос уақыттарын пайдалы, әрі таза ауада, табиғат аясында өткізуі үшін олар жыл сайын қала сыртындағы саяжайда бау-бақша егіп, отбасымен бірге күтіп-баптайды. Бір-біріне бауырмал, әрі жан-жануарларды жақсы көретін кішкентайларын полицей әке кейде жұмыс орнына апарып, қызметтік иттерді көрсетіп, қуанып қояды. Ал шаңырақтың береkesін кіргізіп отырған

лашағына деген сенімін арттыра түскенін айтады. 2012 жылы кинологтың отбасына Ақтөбе қаласынан мемлекеттік бағдарлама бойынша пәтер берілген. Қазіргі таңда полиция қызметкерлеріне пәтераны шығындарының мемлекет тарапынан төленуі көпбалалы отбасына қолдау болып, болашақта олар тұрғын үйін кеңейтуді де жоспарлап отыр.

– Отбасымның қолдауы, жұмыстан шаршап келгенде балаларымның алдымнан жүгіріп шыққанынан артық бақыт жоқ деп ойлаймын. Кез



кісіне толы көпбалалы отбасы болсақ деп армандадық. Қазақта «Әр баланың өз несібесі бар» дейді. Балаларымыздың үлкендері кішілерін күтіп-бағып, ата-анасына көмектесіп жүреді. Әрқайсысының өз қызығушылығы бар, бірі спортқа жақын, бірі қобызда ойнайды, – деп

жұбайының мамандығы – жобалаушы. Бүгінде бала күтіміне байланысты демалыста.


«Балалы үй – береке» деп есептейтін отағасы өзі сүйіп атқаратын тұрақты жұмысы мен мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау отбасының, балаларының бо-

лашағы жарқын болса, сүрінбесе, құламаса деп армандайды. Ал оларды адал, әрі саналы азамат етіп тәрбиелеу – біздің ата-аналық борышымыз, – деп тұжырымдайды көпбалалы әке Қасымқұл Қалиев.

ТӨРТ АЯҚТЫ ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫ

Өткен жылы қызметтік иттердің көмегімен 336 қылмыс ашылып, 1000-нан астам шақырылымға қызмет көрсетілді.

Сәуле МУСИНОВА,
Павлодар облысы



тер қажетті дағдыларды дамытады. Төрт аяқты сақшылардың атқаратын қызметтері де әртүрлі, олардың әрқайсысы өзіне жүктелген міндетті аса жауапкершілікпен атқарады. Олардың басты міндеттері – есірткі, жарылғыш заттарды іздеу, шабуылдау және ғимаратты қорғау, – дейді Павлодар облысы ПД Кинологиялық қызмет орталығының бастығы Нияз Валиев.



Бүгінгі таңда кинологиялық орталықта 28 қызметтік-ізвестіру иттері бар. Олар қылмысқа қарсы іс-қимылға елеулі үлес қосуды, түрлі қылмыстарды анықтауға және ашуға көмек көрсетуді жалғастыруда.

– Төрт аяқты тәртіп сақшыларының жетістіктері кинолог-полицейлердің орасан зор еңбегінен тұрады. Иттерге арналған жаттығулар күн сайын өтеді. Төрт аяқты көмекшілер иесінің кез келген белгілеріне бірден жауап береді. Тренинг бірнеше кезеңнен тұрады, нәтижесінде ит-



Әрбір кинолог-полицейдің негізгі міндеті – оқиға орнында немесе жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу кезінде қызметтік итті пайдалануға дайын болу. Бізде кездейсоқ адамдар жоқ, өйткені біздің қызметіміз жануарларға деген сүйіспеншілікке негізделген.

Өткен жылы қызметтік иттердің көмегімен 140 килограмм есірткі заттары заңсыз айналымға жіберілмеді. Мысалы, 2023 жылдың шіл-

десінде Павлодар ауданы Черноярқа ауылының маңында полицейлер Volvo автокөлігін тоқтатты. Тінту кезінде Цамбо есімді қызметтік ит электр таспасына оралған және солидол жағылған қорапты көрсетті. Брикетті ашқан кезде оның ішінде гашиш болды.

Осылайша өткір иісті бірден сезген Цамбо есірткі қылмысын тоқтатты. Қылмысты ашқаны үшін қызметтік ит өзінің сүйікті тәттілерін алды.

МЕНШІК ИЕСІ:
«Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының Медиа орталығы» ЖШС



Бас директор
Лаура ЖАКУПОВА

РЕДАКЦИЯ:
Шеф-редактордың м.а.:
Айнұр ЖЫЛҚЫШИНОВА
Тілшілер:
Гауһарай ЕСІМОВА
Раушан НАРБЕК
Сүйкім ТІЛЕПБЕРГЕН

Басылым 27.02.2018 жылы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы №16944 – Г куәлігі берілді
• Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
• Қолжазба рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды
• Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес
• Жынылған материалдағы фактілер үшін автор жауап береді
• Фотосуреттердің сапасына редакция жауап береді
• Редакцияның келісімінсіз материалдарды көшіріп басуға тыйым салынады

Газет «Сақшы» компьютер және дизайн бөлімінде теріліп, қатталды. Газет айына 4 рет шығады.
Басылым «Медиа-холдинг Египи» ЖШС баспаханасында басылады.
Астана қаласы, Алматы ауданы, Сілеті к-сі, 30
Индекс: **65395**
Таралымы: **22965**
Тапсырыс: **№ 167**

БІЗДІҢ РЕКВИЗИТТЕР:
ИИК – КЗ74856000000147459
БИК – КС1ВК2ХХ
БИН – 051040005963 КБЕ-16
«БанкЦентрКредит» АҚФ
РНН 600900114533

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
010000, Астана қаласы,
Майлин көшесі, 4/1.
Телефон: 8 (7172) 37-88-64,
ішкі нөмір 115
www.mediaovd.kz
Ел. пошта: saksfy@mediaovd.kz